



Баспасөз хабарламасы

29 қыркүйек 2023 жыл

Орал қ.

Балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту тұлғаның үйлесімді дамуын, Қазақстандық патриотизмді, азаматтық бірегейлікті және толеранттылық мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ететін ең тиімді білім беру технологияларының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2023 жылғы 29 қыркүйекте Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, «Атамекен» өнер ордасында туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық бағытындағы балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары басшылары мен орынбасарларына Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізеді.

Республикада туристік-өлкетану қызметін 40 станция және жас өлкетанушы туристер орталықтары жүзеге асырады, онда 30 451 оқушы айналысады, экологиялық-биологиялық білім беру қызметімен - 13 станция және 9520 білім алушыны қамтитын жас натуралистер орталықтары жүзеге асырады.

Туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық мектеп үйірмелерінде жобалау және зерттеу қызметі, 77 805 оқушының маршруттарын жасау дағдылары игеріледі, сарайларда, балалар шығармашылық орталықтарында 7 жастан 17 жасқа дейінгі 30 430 оқушы осындай қызметпен айналысады.

Жалпы туристік-өлкетану және экологиялық бағыттармен 148 206 бала қамтылды, бұл оқушылардың жалпы санының 3,9% - ы құрайды.

Жазғы кезеңде өңірлерде балалар арасында туристік-өлкетану қызметін дамытуға, экскурсиялық жұмыстарға, ғылыми-зерттеу

экспедицияларын ұйымдастыруға ерекше назар аударылады, өлке тарихын зерделеу және сақтау бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Оқушылардың патриоттық және азаматтық сезімін тәрбиелеу мақсатында республикалық және облыстық жарыстар, туристік-өлкетану бағытындағы слеттер мен байқаулар, жас экологтар мен өлкетанушылар форумдары өткізіледі.

Балалардың осындай іс-шараларға қатысуы шығармашылық мүмкіндіктердің дамуына, балалар мен жасөспірімдердің тұрақты қызығушылықтары мен ерте кәсіби бағыттарының қалыптасуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, оқушылар «Атамекен», «Көміртек ізін өлшеңіз!», «Virge-Taza Qazaqstan», «Сынақ жолы», «Жас саяхатшы», «Туризм білгірлері» және «Жалынды болашақ» жобаларын жүзеге асыруға қатысады.

Кеңес жұмысына ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, «Ассамблея жастары» РҚБ, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, жоғары оқу орындары, «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы АҚ, облыстың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының өкілдері, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдарының басшылары мен орынбасарлары қатысады.

Үйлестіру кеңесінің отырысында балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту, республикадағы балалар-жасөспірімдер туризмі саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, инновациялық технологияларды пайдалана отырып білім алушылардың экологиялық білімін қалыптастыру және т. б. бойынша кешенді жүйелі шаралар қабылдау мәселелерін талқылау бойынша сындарлы диалог өтеді.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл, оқушылардың сабақтан тыс туристік және экологиялық қызметін дамыту, Батыс Қазақстан облысының балалар-жасөспірімдер туризмі мен экологиясы облыстық орталығының жұмыс тәжірибесін тарату жағдайында туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық бағыттарды дамытудың заманауи тәсілдері мен жаңғыртылған нысандарын айқындауға ерекше назар аударылатын болады.

Үйлестіру кеңесінің қорытындысы бойынша елімізде балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудың тиімді моделін құру жөніндегі одан

әрі жұмысты көрсететін ұсынымдар қабылданатын болады. Отырыс материалдары www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефонға хабарласыңыз:
8 (7172)64 75 89, nt_ekotur@mail.ru